



Ұрпақтар арасындағы хикаялар жинағы

Сборник рассказов между поколениями

Жинақ Қазақстандағы ЮНИСЕФ пен «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының бірлескен жұмыс жоспарын іске асыру аясында, Еуропалық Одақтың қолдауымен оқушылардың, соның ішінде қақтығыс аймақтарынан оралған балалардың қоғамдық бірлігін, ұлттық бірегейлігін және саналы азаматтық ұстанымын нығайтуда мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын жетілдіру аясында әзірленді (II кезең: Орталық Азия мемлекеттерінің қақтығыс аймақтарынан оралған азаматтарына, ЕО мен БҰҰ тарапынан көрсетілетін қолдау.).

Жинақты әзірлеуге «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ орталық аппаратының мамандары мен Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласы бойынша филиалдарының аға оқытушылары қатысты.

Аронова Алтынай Жеңісқызы
Мұқышева Меруерт Алтынбекқызы
Абитова Сан Қуанышқызы
Нұртазина Майра Бақытқызы
Құдайбергенова Майра Бақтыбайқызы
Орынбасар Данияр Шәріпұлы
Өтеулиев Жұма Тәпенұлы
Отарбаева Лаззат Лайхатқызы
Нұржігітова Несібелі Жасаққызы
Қуанаева Рысханым Сағынбайқызы
Махамбетова Гүлдана Достанқызы
Кемал Алдамжарұлы Бәкіров

Бұл басылымда пайдаланылып отырған белгілеулер мен материалдың мазмұндалуы ЮНИСЕФ тарапынан Қазақстандағы балалардың құқықтық мәртебесіне, қандай да бір елге не оның аумағына, не оның билік органдарына, не оның шекараларының делимитациялануына (белгіленуі) қатысты қандай да бір пікір білдіруі деп түсінілмеуі керек.

Басылым тегін таратылады. Есептен алынған ақпаратты қайта басқан, дәйексөз келтірген немесе өзгеше пайдаланған жағдайда осы басылымға сілтеме жасау міндетті.

Сборник разработан в рамках реализации совместного рабочего плана ЮНИСЕФ в Казахстане и «Национального центра повышения квалификации «Өрлеу» по совершенствованию программ повышения квалификации учителей школ в вопросах укрепления социальной сплоченности, национальной идентичности и осознанной гражданской ответственности учащихся, в т. ч. детей, возвращенных из зон конфликтов, при поддержке Европейского союза (Фаза II: Поддержка ЕС и ООН государств Центральной Азии для их граждан, вернувшихся из зон конфликтов).

В разработке сборника принимали участие специалисты центрального аппарата и старшие преподаватели филиалов АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» в Атырауской, Карагандинской, Западно-Казахстанской, Туркестанской областях и г. Шымкент:

Аронова Алтынай Женисовна
Мукушева Меруерт Алтынбековна
Әбитова Сән Қуанышқызы
Нуртазина Майра Бахытовна
Кудайбергенова Майра Бактыбаевна
Орынбасар Данияр Шәріпұлы
Утеулиев Жума Тапенович
Отарбаева Лаззат Лайхатовна
Нуржигитова Несибели Жасзаковна
Куанаева Рысханым Сагынбаевна
Махамбетова Гүлдана Достанқызы
Кемал Алдамжарович Бакиров

Мнения, выраженные в данной публикации, принадлежат авторам и не обязательно отражают официальную точку зрения Представительства Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ) в Казахстане.

Обозначения, используемые в настоящем издании, и изложение материала не подразумевают выражения со стороны ЮНИСЕФ какого бы то ни было мнения в отношении правового статуса детей в Казахстане, той или иной страны или территории, или ее органов власти, или делимитации ее границ. Издание распространяется бесплатно. При перепечатке, цитировании и ином использовании информации ссылка на данную публикацию обязательна.



Кобыздың сиқырлы үні

Баяғыда, кең-байтақ қазақ даласының төсіндегі шағын ауылда Ақназ атты қызығушылығы мол қыз бала өмір сүріпті. Ол шексіз көк аспанды, биік шөп арасындағы желдің сыбырын, ауылдың жанынан ағып жатқан жарқыраған өзенді өте жақсы көретін.

Бір күні олардың үйіне бір бейтаныс жолаушы келді. Оның көздері мейірімді еді, ал қолында – Ақназ бұрын-соңды көрмеген ерекше аспап бар болатын. Ол ошақ қасына жайғасып, күй тарта бастады. Терең де сиқырлы үн ауаға толып, жер мен көк, айналадағы бүкіл дүние тіл қатқандай болды. Ақназ демін ішіне тартып, тыңдай қалды.

Жолаушы оның таңданысын байқап, жымыып қойды:

— Менің атым – Асан. Ал мынау – қобыз. Мұнда өткеннің үні, ата-бабаларымыздың даналығы бар.

Сосын ол қобыздың жаратушысы – Қорқыт ата жайлы көне аңызды айтып берді. Қорқыт өзі жасаған аспаптан өмірдің өз дауысын естігісі келген екен. Бір түні оның түсіне періштелер кіріп:

— Қорқыт, сенің қобызың жас түйенің сүйегіндей болу керек. Шанағын – түйенің терісінен, көпіршесін – таутекенің мүйізінен, ішектерін – бес жасар айғырдың құйрық қылынан жаса. Сонда ол тіріліп, ән шырқайды, – дейді. Ояна сала Қорқыт айтылғанның бәрін дәл орындап шығады. Алғаш пернеге қол тигізгенде – дүние тына қалады: құстар әуеде қатып қалып, өзендер баяулап ағып, жел де тынышталып қалады.

— Мен де үйрене аламын ба? – деп үмітпен сұрады Ақназ.

Асан басын изеп, қобызды ұсынды. Ақназдың саусақтары кішкентай болғанмен, жүрегі кең еді. Ол тыңдап, қайталап, тырысып, көп ұзамай саусақтарынан күй өзен суындай төгілді.

Жыл мезгілдері ауысып отырды, ал Ақназдың музыка-сы барған сайын тереңдей берді. Ол ауылдың басқосуларында, той-мерекелерде, қариялардың алдында ойнайтын болды. Қарттар көздерін жұмып, жымыып отыратын – жастық шақтарын еске алып. Ақназ қуаныштың, сауығудың, үміттің күйлерін үйренді.

Содан бері қобыздың үні тек ішектерде ғана емес, оны тыңдаған әр жүректе естілетін болды.

Волшебный звук кобыза

Давным-давно, в небольшом ауле посреди широкой казахской степи, жила любопытная девочка по имени Акназ. Она обожала бескрайнее небо, шёпот ветра в высокой траве и сверкающую реку, что текла рядом с аулом. Однажды в их дом зашёл странник. У него были добрые глаза, а в руках — инструмент, не похожий ни на один из тех, что когда-либо видела Акназ. Устроившись у костра, он начал играть. Глубокий, волшебный звук наполнил воздух — будто заговорили сама земля, небо и всё вокруг. Акназ слушала, затаив дыхание.

Путник заметил её удивление и улыбнулся:
— Меня зовут Асан. А это — кобыз. В нём живут голоса прошлого, мудрость наших предков.

Он поведал древнюю историю о Коркыт ата — создателе кобыза. Коркыт мечтал создать инструмент, в котором звучала бы сама жизнь. И однажды ночью ему приснились ангелы, которые сказали:

— Коркыт, твой кобыз должен быть как кость молодого верблюда. Для тела возьми верблюжью кожу, для моста — рог дикой козы, а струны сделай из хвоста пятилетнего жеребца. Тогда он оживёт и запоёт.

Проснувшись, Коркыт сделал всё в точности. И как только он начал играть — мир замер: птицы остановились в полёте, реки замедлили течение, даже ветер затаил дыхание.

— А могу ли я научиться? — с надеждой спросила Акназ. Асан кивнул и протянул ей кобыз. Её пальцы были ещё малы, но сердце — большое. Она слушала, пробовала, снова и снова, и вскоре звуки лились из её рук, как река сквозь степь.

Проходили времена года, и музыка Акназ становилась всё глубже. Она играла на посиделках, праздниках, для старейшин, которые закрывали глаза и улыбались, вспоминая свою юность. Она выучила песни радости, исцеления и надежды.

С тех пор кобыз звучал не только в струнах, но и в сердцах всех, кто слушал.



Жақсы әдеттер!

Түс мезгілі болатын. Бір ағаштың түбінде қасқыр демалып отырды. Көзі шалған біреу оны еріншек немесе сырқат деп ойлауы мүмкін еді. Бірақ шын мәнінде, ол барлық істі бітіріп қойған: тамақ тауып, отбасына қамқор болып, енді әділетті демалыстан ләззат алып отырған. Қалайша бәріне үлгереді?

Себебі қасқыр таң атпай-ақ оянады! Ол су ішеді, серуендейді, таза ауамен тыныстап, денесін қыздырады. Сосын жұмыс істеп, отбасы мүшелеріне көмектеседі. Түске дейін бәрі бітеді. Ал оның көршісі — түлкі болса, күні-түні ұйықтайды. Ол кешке қарай оянып, жай ғана орманды аралап кетеді.

Бір күні олар жолығып қалады:

— Қасқыр, — деді түлкі, — сен қалай үнемі сергек, шы- мыр болып жүресің? Мен қанша ұйықтасам да шаршаңқы боламын.

Қасқыр жымыып жауап берді:

— Мұның бәрі әдетке байланысты, көршім. Мен ерте тұрып, таңғы қозғалысымды жасап, уақытымды тиімді пайдалануға тырысамын. Ал сен болсаң, уақытты босқа өткізесің. Шынайы күш — тырысқанның еншісінде.

Түлкі ойланып қалды:

— Егер мен де сен сияқты істей бастасам, мен де күшті боламын ба?

— Әрине! Ертең таңсәріде кел — мен саған өз тәртібімді көрсетемін.

Келесі күні түлкі күннің алғашқы сәулесімен оянды. Олар бірге су ішіп, бой сергітіп, серуендеді. Кейін әрқайсысы өз шаруасымен айналысты. Бірнеше күн өткен соң түлкі өзінің өзгергенін байқады. Ол күштірек, зейіндірек, сергек бола бастады. Ол енді уақытты босқа өткізбей, әр күнді пайдалы етуге тырысты.

— Қасқыр, сен маған жақсы әдет үйреттің! Енді мен де еңбекқор әрі ақылды түлкі болуға тырысамын! — деді ол.

Содан бері түлкі ормандағы ең ұқыпты әрі тынымсыз жануарлардың біріне айналды. Ол күн сайын өзіне де, өзгеге де: «Жақсы әдеттер — бізді мықты етеді», — деп еске салып жүрді.

Хорошие привычки!

Был полдень, и под деревом отдыхал волк. Кому-то могло показаться, что он ленится или приболел. Но на самом деле он уже всё успел: нашёл еду, позаботился о семье — и теперь наслаждался заслуженным отдыхом. Как же он всё успевает?

А всё потому, что волк встаёт на рассвете! Он пьёт воду, гуляет, дышит свежим воздухом и делает зарядку. Потом занимается делами и помогает семье. К обеду всё уже выполнено.

А его соседка, лиса, спит и днём, и ночью. Проснувшись ближе к вечеру, она просто отправляется на прогулку. Однажды они встретились:

— Волк, — спросила лиса, — как ты остаёшься таким бодрым и сильным? Даже если я долго сплю, всё равно устаю.

Волк улыбнулся: — Всё дело в привычке, соседка. Я встаю рано, двигаюсь по утрам и стараюсь использовать время с пользой. А ты тратишь его впустую. Настоящая сила приходит к тем, кто старается.

Лиса задумалась: — А если я начну делать так же, как ты, я тоже стану сильной?

— Конечно! Приходи завтра пораньше — покажу тебе свой распорядок. На следующий день лиса встала с первыми лучами солнца. Вместе с волком они попили воды, размялись и пошли гулять. Потом каждый занялся своими делами.

Через несколько дней лиса заметила перемены. Она стала сильнее, внимательнее и бодрее. Она больше не теряла время, а старалась каждый день провести с пользой.

— Волк, ты научил меня хорошей привычке! Теперь я тоже стараюсь быть трудолюбивой и умной лисой!

С тех пор лиса стала одним из самых старательных животных в лесу. И каждый день напоминала себе и другим: хорошие привычки делают нас сильнее.



Тіл арқылы даму мен өрлеу

Бірнеше тіл білу — жаңа достарға, қызықты оқиғаларға және әлемді терең түсінуге апаратын сиқырлы кілт іспетті. Біздің ұстазымыз балалық шағында қазақ тілін мүлде білмегенін, бірақ достары мен әндердің көмегімен оны меңгеріп шыққанын айтып берді.

— Мен орыс мектебінде оқыдым, — деп бастады ол. — Үйде тек әжем ғана қазақша сөйлейтін, ал ата-анам мен бауырларым бәрі орысша сөйлейтін. Институтқа түскенде мені қазақ тобына бөлді. Әрине, «ауылдан келген қазақ қызы» деген соң, мен қазақша біледі деп ойлаған шығар. Ал мен қазақша сөйлей алмайтынмын. Өте қиын болды. Жыладым, қарсы болдым. Бірақ бір күні үлкен қазақ-орыс сөздігін тауып алып, оны ашқан сайын маған: «Үйрен, бұл — сенің күшің» деп сыбырлағандай көрінетін.

Бәрінен де маңыздысы — жанымда болған адамдар. Топтағы қыздар мені мазақ етпей, көмектесіп жүрді. Кешкісін жатақханада жиналып, домбырамен немесе гитарамен ән айтатынбыз. Мен қазақ әндеріне ғашық болдым, сөздердің мағынасын сұрап, дұрыс айтуға үйрендім. Сол кезде «ән арқылы тіл үйрену» идеясы туды. Бұл әдіс нәтиже берді. Мен жақсы сөйлей, оқи, жаза бастадым. Жыл басында емле сабағынан екі алсам, жылдың соңында — бес алдым. Мұның бәрі — менің қыздарымның арқасы.

Қазір мен екі тілде сабақ беремін. Студенттерім менің бұрын қазақ тілінде мүлде сөйлемегеніме таңғалады. Мен оларға әрдайым: «Бұл — достар мен әндердің арқасы», — деп айтамын.

Бұл оқиға табандылық пен қолдаудың ғажайып күшке ие екенін көрсетеді. Мейіріммен, төзіммен және музыкамен кез келген кедергіні жеңуге болады.

Обучение и развитие через язык

Знание нескольких языков — это словно волшебный ключ, открывающий новые дороги: к друзьям, к приключениям и к глубокому пониманию мира. Наша учительница рассказала, как в детстве она почти не знала казахский язык, но смогла его выучить благодаря помощи друзей и песням.

— Я училась в русской школе, — делилась она. — Дома только бабушка говорила на казахском, а все остальные — по-русски. Когда я поступила в институт, меня определили в казахскую группу. Наверное, подумали: раз я из села — значит, говорю на родном языке. Но я не говорила. Было сложно. Я плакала, протестовала. А потом нашла большой русско-казахский словарь, и мне казалось, он шепчет:

«Учись. Твой язык — твоя сила». Самое важное — это были люди рядом. Мои одноклассницы не смеялись, а помогали. По вечерам мы собирались в общежитии и пели песни — с гитарой или домброй. Я влюбилась в казахские мелодии, спрашивала о значении слов, училась произношению. Так родилась идея учить язык через песни.

И это сработало. Я стала лучше говорить, читать и писать. В начале года у меня была двойка за правописание, а в конце — пятёрка. Всё благодаря моим девочкам.

Теперь я преподаю на двух языках. Мои студенты удивляются, что я когда-то почти не говорила на родном языке. А я всегда говорю — спасибо друзьям и песням.

Эта история — о том, что настойчивость и поддержка творят чудеса.

С любовью, терпением и музыкой можно преодолеть любое препятствие.



Денсаулықтың құпиясы — бәрімізге ортақ ақиқат

Қазақстан қалаларының бірінде Арман есімді бала өмір сүрді. Ол жүгіргенді, ағашқа өрмелегенді және достарымен ойнағанды өте жақсы көретін. Ауладағы ең жылдам балалардың бірі болатын және үнемі жаңа қызықтарды іздеп жүретін.

Бірақ Арман өз денсаулығына жиі көңіл бөлуді ұмытатын. Ол таңғы ас ішпей, оянған бойда сыртқа жүгіріп шығатын. Ашыққанда, көбіне тәттілер жейтін, ал ата-анасы мен үлкен әпкесі оған жеміс пен пайдалы тағамдардың көбірек қуат беретінін жиі ескертіп отыратын.

Бір күні орманға дана, кәрі үкі ұшып келді. Ол Арманның қалай тез шаршайтынын байқап, ағаштан төмен түсіп былай деді:

— Арман, сен қазір шымырсың, бірақ егер өзіңе қамқор болмасаң, көп ұзамай ойнап, жүгіргенің қиындай түседі.

Шынайы қуаныш пен күш тек дені сау денеде болады.
Арман иығын қиқаң еткізіп:

— Бірақ мен өзімді жақсы сезінемін ғой. Ал тәттілер сондай дәмді! — деді. Үкі жымыып:

— Шынайы күш — адам күн сайын өзіне қамқор болғанда ғана келеді. Тек шаршағанда емес, — деп жауап берді. Сол түні Арман жұлдыздардың астында жатып, үкінің айтқанын еске алды. Ол тамақ ішпеген күндері басы айналып, аяғы ауырып жүрген сәттерін есіне түсірді.

— Мүмкін, үкі шын айтқан шығар, — деп ойлады. Таңертең Арман жаңа нәрсені байқап көруге бел буды.

Сыртқа жүгіріп шығудың орнына, әуелі таңғы ас ішті — ботқа, жемістер және шай. Алғашында бұл оған үйреншікті емес көрінді, бірақ бірнеше күннен кейін ол өзгерістерді байқады. Ол жылдамырақ жүгіре бастады, азырақ шаршайтын болды және күн бойы жиі жымыып жүрді.

Бір күні ол тағы да үкіге кездесіп:

— Рақмет саған! Енді мен өзімді мықты сезінемін. Сен дұрыс айтқан екенсің, — деді.

Үкі басын изеп:

— Енді сен өзіңнің ең жақсы досыңа айналдың, Арман. Есіңде болсын: денсаулық — бұл тек ауырмау емес, бұл — қуат, шаттық пен ішкі күш, оны сен күн сайын сезінуің керек. Арман бұл сезімді достары да бастан кешірсе екен деп тіледі. Ол оларға дұрыс тамақтанудың өзін қалай жақсартқанын айтып берді. Достары да өз денсаулықтарына көңіл бөле бастады — олар алма, сәбіз, банан, қырыққабат, қызанақ жеуді әдетке айналдырды.

Дана үкі оларға Қазақстанда жазда халық қауын мен жүзімді сүйсініп жейтінін, ал қыста — кептірілген жемістер мен жаңғақтар арқылы күш-қуатын сақтайтынын еске салды.

Содан бері Арман ауладағы ең жылдам бала ғана емес, сонымен қатар өз денсаулығына ең мұқият қарайтын балаға айналды. Ол түсінді: өзіңе қамқор болу — бұл құпия емес, бақыт пен қуатқа бастайтын сиқырлы жол. Және ол осы білімді достарымен, туыстарымен, сыныптастарымен бөлісіп жүрді.

Секрет здоровья — не секрет!

В одном из городов Казахстана жил мальчик по имени Арман. Он обожал бегать, лазать по деревьям и играть с друзьями. Он был одним из самых быстрых во дворе и всегда стремился к новым приключениям.

Но Арман часто забывал заботиться о себе. Он пропускал завтрак и выбегал на улицу сразу после пробуждения. А когда чувствовал голод, ел в основном сладости, хотя родители и старшая сестра напоминали ему, что фрукты и полезная еда придают больше энергии.

Однажды в лес прилетела мудрая старая сова. Она наблюдала за Арманом и заметила, как быстро он устаёт. Тогда она спустилась с дерева и сказала:

— Арман, ты сейчас сильный, но если не будешь заботиться о себе, скоро тебе станет труднее играть и бегать. Только здоровое тело помогает по-настоящему радоваться жизни.

Арман пожал плечами: — Но я ведь чувствую себя хорошо. И сладости такие вкусные!

Сова мягко улыбнулась: — Настоящая сила приходит от заботы о себе каждый день, а не только когда чувствуешь усталость.

Той ночью, лёжа под звёздами, Арман вспомнил слова совы. Он подумал о тех днях, когда у него кружилась голова или болели ноги, если он не ел вовремя. — Может быть, сова и правда права, — подумал он.

Утром Арман решил попробовать что-то новое. Вместо того чтобы сразу выбежать на улицу, он позавтракал — каша, фрукты и чай. Сначала это казалось необычным, но уже через несколько дней он заметил перемены. Он стал бегать быстрее, меньше уставал, чаще улыбался.

Однажды он снова встретил сову и сказал:
— Спасибо! Теперь я чувствую себя сильнее. Ты была права.

Сова кивнула: — Ты стал своим лучшим другом, Арман. Помни: здоровье — это не только отсутствие болезней, а энергия, радость и сила, которую ты ощущаешь каждый день.

Арман захотел, чтобы и его друзья испытали то же самое. Он рассказал им, как правильное питание помогло ему чувствовать себя лучше. Друзья тоже начали заботиться о себе — стали есть яблоки, морковь, бананы, капусту, помидоры.

Мудрая сова напомнила им, что в Казахстане летом люди наслаждаются дынями и виноградом, а зимой едят сухофрукты и орехи, чтобы оставаться бодрыми и сильными.

С тех пор Арман стал не только самым быстрым во дворе, но и самым внимательным к себе. Он понял: забота о себе — это не секрет, а волшебный путь к силе и радости. И он делился этим знанием с друзьями, родными и одноклассниками.



Арман гүлі

Баяғыда Самал есімді бір қыз өмір сүріпті. Ол үлкен көлдер жоқ, тек шағын тоғандар мен кішкентай шалшықтар ғана кездесетін жерде тұратын. Самал гүлдерді өте жақсы көретін, үйінің маңында өсетін барлық түрін танитын. Бірақ бір түнде оған ерекше бір түс кірді.

Түсінде ол ай жарығы астында судың бетінде қалқып тұрған, нәзік әрі жарық шашқан керемет бір гүлді көрді. Бұл — лотос болатын. Оның бейнесі Самалдың жүрегін таңданыспен толтырды.

Оянған кезде де бұл бейне көз алдынан кетпеді. «Шынымен де мұндай гүл бар ма екен? Егер бар болса — оны қайдан табуға болады?» — деп ойлады ол.

Сол күннен бастап Самал бұл гүлді есінен шығара ал- мады. Ол кітаптар мен суреттерден ақпарат іздеді, күлтелерін салып көрді, тіпті қағаздан макетін де жасап көрді. Бірақ ең бастысы — ол шынайы лотосты көруді армандады.

Бір күні ол бұл арманы туралы достарына айтты.

— Судың бетінде өсетін гүл? — деп таңданды олар. — Біз де ондайды көрмеппіз!

Бірақ ешқайсысы оны күлкіге айналдырмады. Керісінше, барлығы қызығушылық танытты. Достарының бірі жаз мезгілінде Атырау облысында лотостар гүлдейтінін еске алды. Солайша олар нағыз сапарға шығуды ұйғарды.

Алдымен пойызбен, кейін көлікпен, ең соңында жаяу жол жүрді. Жол ұзақ болғанымен, әр қадам сайын Самал өзінің арманына жақындап келе жатқанын сезінді.

Бір күні олар өзен бойына жетіп, күн сәулесі су бетіне шағылысып тұрған сәтте алдарынан ертегідей көрініс ашылды. Судың бетінде нәзік тербелген қызғылт, ақ және сары гүлдер қалқып тұрды. Бұл — лотостар еді!

Самал қатты толқып, орнынан қозғалмай тұрып қалды. Ол көздеріне сенбеді. Арманы орындалды. Ол үнсіз тұрды, осы сұлулықты жүрегімен қабылдады. Сосын сыбырлап айтты:

— Армандар өздігінен орындалмайды — біз өзіміз сол гүлдейтін сәтке жол ашуымыз керек.

Келесі күні Самал альбомын алып, сурет сала бастады. Бұл жолы оның қолынан қиял емес — шындық бейнеленді. Ол өзі көрген сұлулықты басқалар да көрсе, олар да өз армандарына сенсе екен деп қалады.

Сол кезден бастап Самалдың арманы одан да үлкен нәрсеге айналды. Ол сұлулықпен бөлісе бастады, өзгелерге шабыт беріп, бәріне былай деді: егер бір нәрсеге шын сенсең — қадам жаса. Себебі дәл сол сәттен армандар бүр жарып, гүлдейді.

Цветок мечты

Жила-была девушка по имени Самал. Она жила в месте, где не было больших озёр — только небольшие пруды и крошечные лужицы. Самал очень любила цветы и знала все виды, что росли вокруг её дома. Но однажды ночью ей приснился необыкновенный сон.

Во сне она увидела удивительный цветок — нежный, светящийся, плавающий на воде под лунным светом. Это был лотос. Его образ наполнил сердце Самал изумлением. Когда она проснулась, образ цветка не исчез. «Неужели он существует на самом деле? А если да, то где его можно найти?» — думала она.

С тех пор Самал не могла выбросить этот цветок из головы. Она искала о нём информацию, рисовала лепестки, даже пыталась смастерить бумажную модель. Но больше всего ей хотелось увидеть настоящий лотос своими глазами.

Однажды она рассказала о своей мечте друзьям: — Цветок, который растёт прямо на воде? — удивились они.

— Мы тоже такого никогда не видели!

Но никто не стал смеяться или отговаривать её. Напротив, друзья загорелись интересом. Один из них вспомнил, что в Атырауской области летом действительно цветут лотосы. Так они решили отправиться в настоящее путешествие.

Они ехали на поезде, потом на машине, а последнюю часть пути прошли пешком. Дорога была длинной, но с каждым шагом Самал чувствовала, что она ближе к своей мечте.


И вот однажды, когда солнце скользило по реке, перед ними открылось сказочное зрелище. Вода переливалась в лучах солнца, а на её поверхности мягко качались розовые, белые и жёлтые цветы — лотосы!

Самал застыла. Она не верила своим глазам. Мечта стала реальностью. Она стояла в тишине, впитывая красоту, а затем прошептала:

— Мечты не сбываются сами — мы помогаем им расцвести.

На следующий день она взяла альбом и начала рисовать. Только теперь это были не фантазии, а настоящие цветы, которые она видела и чувствовала. Она захотела, чтобы и другие увидели то, что увидела она, и тоже поверили в силу своих снов.

С тех пор её мечта стала чем-то большим. Самал начала делиться красотой, вдохновлять других и напоминать всем: если ты во что-то веришь — сделай шаг, потому что именно с этого и начинают расцветать мечты.



Тарих: өсуге жол ашатын өткен

Қысқы таң еді. Жұмсақ қар көше бойына ақырын түсіп жатты, ал жас мұғалім Данияр мектепке асығып бара жатты.

Анасы оны ерте оятты:

— Жылдам тұр, кешігіп қаласың!

Данияр тез жуынып, пальтосын киіп, сыртқа жүгіріп шықты. Оны асықтырған – уақыт емес, қуаныш еді. Ол мұғалім болуды жан-тәнімен жақсы көретін.

Бала кезінен Данияр ұстаз болуды армандайтын. Оны тарих пәнінің мұғалімі – Муслима апай шабыттандырған. Ол жай ғана педагог емес еді. Оның сабағы өткенге жасаған саяхаттай болатын. Дауысы, әуені, келтірген мысалдары – барлығы тарихты тірілтіп жіберетіндей еді.

— Тарих – жай ғана күндер мен жылдар емес, — дейтін Муслима апай. — Ол – әлемді түсінудің кілті. Данияр оны ынтамен тыңдап, дәл сондай болуды армандайтын. Мектепті бітірген соң, Абай атындағы Алматы университетіне түсіп, «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығын оқыды. Студенттік өмір оңай болмады: жатақхана, қосымша жұмыс, қаржының жетіспеуі – бәрі кездесіп жатты. Бірақ ол ешқашан берілмеді.

Диплом алған соң, өзі оқыған мектепке – И. Есенберлин атындағы орта мектепке оралып, тарих пәнінен сабақ бере бастады. Ол оқушыларға ұлы оқиғалар мен батырлар туралы әңгімеледі. Ол балаларға:

— Өз тарихыңды білу – қазіргі сәтті түсініп, болашақты дұрыс құруға көмектеседі, — дейтін.

— Тарих батылдықты, мейірімділікті және дұрыс таңдау жасауды үйретеді. Ол оқушыларын өз тамырын, тегін мақтан тұтуға шақырды. Ол білді: егер бала өзін кім екенін түсінсе – ол батыл, адал, және жақсы өзгеріске дайын болады.

Сол себепті Данияр әр таң сайын мектепке асыға жететін. Балаларға тарихты сүйуге көмектесу үшін. Және оларды үлкен өмірге тәрбиелеу үшін.

История: прошлое, которое помогает нам расти

Было зимнее утро. Мягкий снег ложился на улицы, и молодой учитель по имени Данияр спешил в школу.

Его мама разбудила его рано:

— Поторапливайся, ты опоздаешь!

Он быстро умылся, надел пальто и выбежал на улицу. Его торопило не время — а радость. Он по-настоящему любил быть учителем.

С детства он мечтал стать учителем. Его вдохновляла учительница истории — Муслима. Она была не просто педагогом. Её уроки были настоящими путешествиями в прошлое. Голос, интонация, приводимые примеры — всё будто оживляло историю..

— История — это не просто даты, — говорила она. — Это ключ к пониманию мира.

Данияр слушал её с вдохновением и мечтал стать таким же. После окончания школы он поступил в Алматинский университет имени Абая на факультет «История, право и основы экономики».. Студенческая жизнь была непростой: общежитие, подработки, нехватка денег — всё это было. Но он никогда не сдавался.

Получив диплом, он вернулся в школу, где сам учился — среднюю школу имени И. Есенберлина — и стал учителем истории. Он рассказывал детям о великих событиях и героях. Он объяснял, почему важно знать свою историю. Как прошлое помогает понять настоящее и строить будущее.

— История учит мужеству, доброте и выбору, — говорил он. Он вдохновлял учеников гордиться своими корнями и становиться сильными людьми. Он знал: если ребёнок поймёт, кто он, — он будет смелым, честным и готовым меняться к лучшему. Каждое утро он мчался в школу. Чтобы зажечь в детях любовь к истории — и помочь им вырасти.



Жүректерге шоқ салған ұстаз

Баяғыда, кең даласы мен асқар таулары бар елде Ерлан есімді ұл бала дүниеге келді. Ол өте зерек еді: көп оқитын, сұрақтар қоятын, дүниені тереңірек танығысы келетін. Мұғалімдердің сабағын ерекше ынтамен тыңдап, мектепке әрдайым қуана баратын — себебі ол жерден жаңа көкжиектер ашылатын.

Есейе келе Ерлан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсті. Ол үздік студенттердің бірі болды. Университет қабырғасында ол шабыт беретін ұстаздармен және нағыз адал достармен танысты. Біртіндеп ол мына шындықты ұқты: оқу — бұл жай ғана кітаптар мен бағалар емес. Бұл — достық, бірлескен ізденіс, қолдау мен бірге өсу. Оқу орнын бітірген соң Ерлан ұстаздық жолды таңдады. Ол түрлі аймақтарға сапарлап, конференцияларға қатысып, өзі сияқты білімнің күшіне сенетін педагогтармен тәжірибе алмасты. Сабақтарында тек пәнді ғана емес, сонымен қатар сенімді, мейірімді, батыл және зейінді болуды үйретті.

Ерланның сыныптарында балалар жай ғана тыңдап қоймай, пікірлесіп, ойын ойнап, әңгіме айтып отыратын. Әр бала өз пікірінің маңызын сезінетін. Оқушылар тек мұғалімнен ғана емес, бір-бірінен де үйренетін.

— Жылы сөз, қамқорлық пен ықылас — мектепті шынайы үйге айналдыратын құндылықтар, — дейтін Ерлан. — Мұғалімдер, ата-аналар және бүкіл қоғам бірігіп, әр баланың өз орнында екенін сезінуіне көмектесу керек.

Ол балаларға бірін-бірі құрметтеуді, көмектесуді және әрдайым ізденісті жақсы көруді үйретті. Ерлан сенді: бүгін бірге оқып жатқан балалар — ертеңгі дәрігерлер, сәулетшілер, өнертапқыштар және шабыт беретін тұлғалар.

Ол әр оқушыны ашық жүрекпен қарсы алатын. Себебі әр бала — естілуге, сүйілуге және қадірленуге лайық.

Осындай Ерлан сынды ұстаздардың арқасында Қазақстан — білім мен ізгілік қатар жүретін, балалардың армандары шындыққа айналатын елге айналуда.

Учитель, который зажигает сердца

Давным-давно, в стране широких полей и высоких гор, родился мальчик по имени Ерлан. Он был любознательным, много читал, задавал вопросы и мечтал узнавать всё больше о мире. Он слушал учителей с сияющими глазами и с радостью шёл в школу — ведь там открывались новые горизонты.

Когда Ерлан подрос, он поступил в Казахский национальный университет имени Аль-Фараби. Он стал одним из лучших студентов. Здесь он встретил вдохновляющих преподавателей и настоящих друзей. Постепенно он понял: учёба — это не только книги и оценки. Это дружба, совместные открытия, поддержка и рост.

После университета Ерлан стал учителем. Он путешествовал, участвовал в конференциях, общался с педагогами, которые, как и он, верили в силу образования. В своих классах он учил не только предмету, но и тому, как быть уверенным, добрым, смелым и внимательным.

На его уроках дети не просто слушали, а обсуждали, играли, делились историями. Каждый ребёнок чувствовал, что его мнение важно. Ученики учились не только у учителя, но и друг у друга.

— Добрые слова, забота и внимание — вот что делает школу настоящим домом, — говорил Ерлан. — Учителя, родители и всё сообщество должны быть рядом, чтобы каждый ребёнок чувствовал поддержку.

Он учил уважать, помогать, быть любознательными. Он верил: дети, которые учатся вместе сегодня, станут теми, кто завтра будет лечить, строить, изобретать и вдохновлять.

Каждого ученика он принимал с открытым сердцем. Он знал: каждый заслуживает место, где его слышат, любят и уважают.

Благодаря таким учителям, как Ерлан, Казахстан становится страной, где обучение идёт рука об руку с добротой, а мечты детей превращаются в реальность.



Өз жолын тапқан қыз

Үлкен, қарбалас қалада Малика есімді қыз өмір сүрді. Ол көпқабатты үйде өсті, бұл үйде түрлі отбасылар тұратын. Аулада сырғанақ, құмсалғыш және шырмауық басқан күрке бар ойын алаңы болатын. Күзде күркенің жапырақтары қып-қызыл болып, оны ертегі әлеміне апарар қақпаға ұқсатып жіберетін.

Маликаның кішкентай әлемі жылы да жайлы еді — мектепке барғанға дейін. Мектепте бәрі оған түсініксіз тілде сөйлейтін. Мұғалім түсіндіреді, балалар жауап береді, ал Малика үнсіз отырып қалатын. Ұялып, ештеңе түсінбейтінін айтуға қорқатын. Өзін көрінбейтіндей сезінетін.

Үшінші сыныпта жаңа қиындық пайда болды — көзі нашар көре бастады. Басында ешкім байқамады, тек мектептегі тексерісте оған көзілдірік қажет екені анықталды. Бірақ ол көзілдірік киуді ұмытып жүрді. Сол кездері Малика үшін құтқарушы — кітаптар болды.

Ол қолына түскеннің бәрін оқи бастады: ертегілер, әңгімелер, журналдар. Осылайша ол тілді жақсырақ түсіне бастады, сенімі де арта түсті.

Бір күні сыныпқа жаңа мұғалім келді. Ол былай деді:

— Жұлдыздар туралы не ойлайсыңдар — соны жазыңдар.

Малика алдымен жұлдыздарды аспандағы жарық нүктелер деп сипаттады. Бірақ кейін жолаушыларға жол сіл-тейтін жұлдыздарды есіне түсіріп:

«Жұлдыздар — түндегі үнсіз бағыттаушылар» — деп жазды.

Келесі күні мұғалім екі оқушыны мақтады. Соның бірі — Малика болды. Бұл — оның алғаш рет көзге түскен сәті еді. Ішіндегі қуаныш гүлдей ашылды.

Келесі сабақта мұғалім тағы бір тапсырма берді:

— Мағынасы терең өлеңді суретпен бейнелеңдер.

Малика балалар журналынан көңілді, бірақ ой салатын өлеңді таңдады:

Жаңбыр жүрді жай басып,
Жолда оймен ой қашып.
Бір ескертпе кездесті:
«Шөппен жүруге болмайды!» — деп жазыпты.
Жаңбыр тоқтап, ойланып,
Сәл күрсініп, жолдан шығып.
Кетіп қалды басқа жаққа,
Қалды шөп те сусыз құрғап.

Ол шляпа киген, мейірімді көрінетін ұзын бойлы жаңбыр адамды бейнелеп салды. Өлеңді парақтың артына ұқыппен жазып қойды. Оның суреті ешкімнің жұмысымен ұқсамайтын.

Мұғалім тағы да Маликаны мақтады. Осы сәттен бастап мектеп Малика үшін тек қиындық емес, жарық пен жылу сыйлаған орынға айналды. Ол өзін бөгде сезінбейтін болды. Оны көрді. Оны түсінді. Ол өзіне сенуді үйренді.

Жылдар өте келе, Малика есейген шағында дәл сол сәттерді балалық шағындағы ең жылы естеліктер ретінде есіне алатын. Дәл сол кезде ол мына шындықты ұққан еді:

Жылы сөз бен жанашыр көзқарас — адамның өмірін өзгертуі мүмкін.

Мектеп оған тек білім емес, өзіне апарар жолды сыйлады.

Девочка, которая нашла свой путь

В одном шумном городе жила девочка по имени Малика. Она росла в многоквартирном доме, полном разных семей. Во дворе была площадка с горками, песочницей и беседкой, увитой плющом. Осенью листья на ней становились ярко-красными, и беседка казалась волшебным порталом в другой мир.

Маленький мир Малике казался тёплым и уютным — пока она не пошла в школу.

Там все говорили на языке, который она не понимала. Учительница объясняла, одноклассники отвечали, а Малика сидела тихо, смущённая и растерянная. Ей было страшно признаться, что она не понимает, что происходит. Она чувствовала себя невидимой.

К третьему классу появилась новая трудность — зрение стало ухудшаться. Сначала этого никто не замечал, пока на школьном осмотре не выяснилось, что ей нужны очки. Когда она их получила, то часто забывала дома. Но именно тогда Малика нашла тихое спасение — книги.

Она начала читать всё, что попадалось под руку: сказки, рассказы, журналы. Так она стала лучше понимать язык и чувствовать себя увереннее.

Однажды в класс пришла новая учительница. Она дала задание:

— Напишите, что вы думаете о звёздах.

Сначала Малика писала, что звёзды — это далёкие светлячки в небе. Но потом она вспомнила, что звёзды помогают путникам. И она написала, что звёзды — это тихие проводники в темноте.

На следующий день учительница похвалила двух учеников. Одной из них была Малика.

Это был первый раз, когда кто-то заметил её. Она почувствовала, как внутри расцвела радость.

На следующем уроке учительница предложила: «Проиллюстрируйте стихотворение со скрытым смыслом». Малика выбрала весёлое стихотворение из детского журнала:


Дождь вышел на прогулку,
Шёл он медленно, по привычке.
Зачем спешить?
Вдруг он увидел табличку:
«По траве не ходить». Дождь вздохнул:
«О!» Он ушёл.
А потом трава засохла.

Малика нарисовала высокого доброго дождя в шляпе. На обратной стороне аккуратно написала стишок. Её работа была не похожа ни на одну другую.

И снова учительница её похвалила. С этого момента школа стала для Малики не только трудным, но и светлым местом. Она больше не чувствовала себя чужой. Её заметили. Её поняли. И она поверила в себя.

Спустя годы, уже став взрослой, Малика вспоминала эти моменты как самые тёплые в детстве. Тогда она поняла: даже один добрый взгляд, одна похвала могут изменить чью-то жизнь.

Школа стала местом, где она нашла не только знания, но и путь к себе.



Робот пен көліктің оқиғасы

Иманғали жеті жаста еді. Ойыншықтарын өте жақсы көретін: олармен сөйлесіп, қамқор болып, түрлі қызықты оқиғалар ойлап табатын. Ойын біткен соң, әрқайсысын сөреге ұқыппен орналастырып қоятын.

Бір күні аулада ойнап жүріп, қызыққа тым беріліп кеткені соншалық — ең сүйікті ойыншықтары: Скорость атты машинкасы мен Фиксик есімді роботын ойын алаңында ұмытып кетеді. Күн батып, олар ашық аспан астында қалып қояды.

Скорость Фиксикке қарап:

— Қызық, ойын алаңынан тыс жерде не бар екен? — дейді.

— Жүр, барып көрейік! — деп ұсыныс білдіреді Фиксик. Екеуі жол бойымен домалап, сыртқа беттейді.

Көп ұзамай оларды Самат есімді бір бала байқап қалады. Қолына тиген ойыншықтарға қуанып, бірден ойнай бастайды. Алайда тым ұқыпсыз еді — машинканы қатты итеріп жіберіп, ол роботқа соғылады. Екеуінде де сызаттар пайда болады. Біраздан кейін Самат шаршап, ойыншықтарды үлкен ағаштың түбінде тастап кетіп қалады.

Түнгі тыныштықта Скорость пен Фиксик жалғыз қалғандарын сезінеді. Ойын алаңында күтпей кеткендеріне өкініш білдіреді.

Келесі таң атысымен Иманғали сыртқа шығады. Алайда сүйікті ойыншықтары орнында жоқ. Өзі қатты қапаланғанымен, үмітін үзбей достарын көмекке шақырады. Олар бүкіл аула мен айналадағы көшелерді аралап шығады. Ақыры бір бала үлкен ағаштың түбінен жоғалған достарын тауып алады.

Қуанған Иманғали ойыншықтардың сызылғанын байқап, оларды абайлап үйіне алып қайтады. Отбасы мен достарының көмегімен тазалап, жөндеп, бұрынғы қалпына келтіреді. Скорость пен Фиксик қайтадан өздерін қауіпсіз әрі бақытты сезінеді. Үйге оралғандарына екеуі де қуанышты еді.

Сол күні Иманғали:

— Келіндер, ойыншықтарымызды қадірлейік, бір-бірімізге көмектесейік. Бірге болсаң — кез келген қиындықты жеңуге болады! — деді.

Содан бері балалар тек өз заттарына емес, бір-біріне де мұқият әрі қамқорлықпен қарай бастады.

Приключения робота и автомобиля

Имангали было семь лет, и он очень любил свои игрушки. Он заботился о них, разговаривал с ними и придумывал для них весёлые приключения. Когда игра заканчивалась, он аккуратно ставил игрушки на полку.

Однажды он так увлёкся игрой на улице, что забыл свою любимую машинку по имени Скорость и робота по имени Фиксик на детской площадке. Солнце село, и игрушки остались под открытым небом.

Скорость повернулся к Фиксику: — Интересно, что там — за пределами площадки?

Фиксик кивнул: — Пойдём посмотрим! Давай в путь! Они покатались и пошли по тропинке, пока не оказались на улице.

Там их нашёл мальчик по имени Самат. Он удивился, увидев игрушки, и обрадовался. Он поиграл с ними, но был немного неаккуратен — машинка врезалась в робота, и обе игрушки поцарапались. Вскоре Самат устал, оставил их под деревом и ушёл домой.

Ночью Скорость и Фиксик чувствовали себя одиноко. Они жалели, что ушли с площадки и не дождались Имангали.

На следующее утро Имангали вышел играть и не нашёл своих любимцев. Он сильно расстроился, но не сдался. Вместе с друзьями он начал поиски. Они обошли весь двор и улицы поблизости. Наконец один из ребят заметил игрушки под большим деревом.

Имангали обрадовался, но увидел, что игрушки поцарапаны. Он бережно отнёс их домой. С помощью семьи и друзей он вымыл, починил и вылечил своих друзей.

Скорость и Фиксик снова чувствовали себя в безопасности и были счастливы, что вернулись домой.

В тот день Имангали сказал: — Давайте всегда заботиться о своих игрушках и помогать друг другу. Вместе мы можем справиться с любой бедой!

С тех пор Имангали и его друзья стали не только аккуратнее обращаться со своими вещами, но и внимательнее относиться друг к другу.



Капияның өмірлік сабақтары

Капия Қағымқызы ауылында өте танымал әйел еді. Жұрт оны еркелетіп «тентек апашка» деп атайтын. Әзілге жақын, ақылды, мейірімді әрі тыным таппайтын еңбекқор жан болатын. Кедейшілікте өскен ол еңбектің қадірін ерте ұғынған.

Жастайынан колхозда жұмыс істеді: егін жинады, сабан басты, көрші-қолаңға көмектесті. Қандай қиындық болса да, ешқашан мойымайтын. Қайда жүрсе де, айналасын баурап алатын қызықты әңгімелерімен елдің есінде қалды.

Сауатты болуды молдадан үйренген. Алайда оны әйгілі еткен — есінде сақтаған жүздеген ертегі, өлең мен жырлар. Ең сүйікті әңгімесі — Асан Қайғының бақыт мекенін іздеген хикаясы. Бұл аңызды ол жиі балаларға айтып беретін және әрдайым қосып айтатын:

— Ертегі мен бесік жыры — жай ғана сөз емес, жанның азығы. Ертегі тыңдамай өскен бала нанның қадірін түсінбеуі мүмкін, — дейтін.

Капия «Тойбастар» секілді дәстүрлі әндерді шырқағанда, той бірден жанданып кететін. Оның дауысында жылылық бар еді — тыңдаған адамның жүрегіне жететін.

Бес немересі болды. Бәріне бірдей мейіріммен қарағанымен, біреуі өзін үнемі «әжемнің қызы» деп атайтын. Кеш- кісін қыздар кім әжесінің қасына жатады деп жарысатын — оның құшағы мен иісінің өзі тыныштық сыйлайтын.

Қартайған шағында да Капия қол қусырып отырмайтын. Көлден шұбататын чизрассты ұстайтын, қамыстан төсеніш тоқыды, текемет басты. Әрбір текеметінің өз хикаясы болатын: біреуі — келін түсіргенде, екіншісі — ұлын әскерге шығарып салғанда жасалған. Шетінен есімдерді кестелеп, әр өрнектің мағынасын түсіндіріп отыратын.

Қыздарға халоста шөбінен сабын қайнатуды, жіп иіруді, тары қуыруды үйретті. Айтатын сөзі мынандай еді:

— Үгінді нанды тастама, соны да же. Әр кішкентай үзімде — біреудің маңдай тері.

— Үйдің тазалығы — ошағынан басталады.

Капия талай ауыр кезеңдерден өтті. Отбасы Гурьевтен Қарақалпақстанға жаяу көшкенде, жолда аштық көріп, аяқта аяқ киім де болмаған. Анасы бір уыс тарыны суға малып, бәрін сонымен тойдыратын.

Алайда ол ешқашан қатыгез болған жоқ. Тіпті ең қиын жылдарды да абыроймен, сабырмен еске алатын. Балалар оның әңгімелерін ұнататын, тіпті бәрін бірден түсінбеседе, жүректеріне түйіп отыратын. Кейін есейе келе, әжесінің өмір жолы қандай ауыр болғанын шын түсінді. Капия жақсылыққа үйретті. Ол үшін жылы сөз — ең қымбат сыйлықтың бірі еді.

Немерелеріне жиі айтатын:

— Ата-анаңды құрметте. Білім ал. Ешкімге жамандық жасама. Капия бұл дүниеден өтсе де, оның сөзі мен тәлімі мәңгілікке қалды.

Жанындағылардың есінде, немерелерінің жүрегінде, олардың іс-әрекеттері мен мейірімінде — Капияның өмірден алған сабақтары өмір сүріп жатыр. Оның ғұмыры — шынайы махаббатпен өрілген нағыз ертегі.

Уроки Капии

Капия Какимкызы была известной женщиной в своей деревне. Её ласково называли «озорной апашка». Она была весёлой, мудрой, доброй и неутомимой. Выросшая в бедности, она с ранних лет знала цену труду.

Молодая Капия работала в колхозе: собирала урожай, молотила солому, помогала соседям. Несмотря на трудности, она не теряла духа и всегда умела рассказать увлекательную историю, от которой замирало всё вокруг. Читать и писать она научилась у муллы, но прославилась не этим.

Её память хранила сотни сказок, стихов, песен. Её любимой историей было сказание о том, как Асан Кайгы искал землю счастья. Она часто рассказывала его детям и всегда добавляла:

— Сказки и колыбельные — это не просто слова. Они питают душу. Ребёнок, не слышавший сказок, может вырасти и не узнать цену хлеба.

Когда Капия пела традиционные песни, особенно «Тойбастар», праздник сразу оживал. Она умела так спеть, что все чувствовали тепло.

У неё было пятеро внучек. И хотя она любила всех одинаково, одна из них всегда называла себя «бабушкиной дочкой». Вечерами девочки спорили, кто будет спать рядом с ней, чтобы почувствовать её ласковые руки и уютный запах.

Даже в старости Капия не сидела без дела. Она ловила чизрасс из озера, плела циновки, ткала ковры. Каждый её текемет имел свою историю — о свадьбе, рождении, провожании сына в армию. Она вышивала на них имена и рассказывала, что скрывается за каждым узором.

Она учила девочек делать мыло из халостахи, прясть пряжу, жарить просо. При этом говорила: — Не выбрасывай крошки, ешь их. В каждой крошке — чей-то труд. — Порядок в доме начинается с чистого очага.


Капия прошла через тяжёлые времена. Её семья пешком шла из Гурьева в Каракалпакстан. Был голод, не было обуви. Она вспоминала, как мама замачивала горсть проса, чтобы накормить всех.

Но она никогда не ожесточалась. Даже о самых трудных годах она говорила с достоинством. Детям нравилось слушать — даже если тогда они не понимали всего. Но позже, взрослея, они осознавали, через что прошла их бабушка.

Капия учила добру. Она верила, что доброе слово может стать самым дорогим подарком.

Она напоминала внукам: — Уважайте родителей. Учитесь. Не причиняйте никому зла.

И хотя Капии уже нет, её голос и уроки остались. Они живут в воспоминаниях, в поступках её внуков, в уважении к прошлому и в доброте, которую они несут дальше. Её жизнь была настоящей сказкой — той, что прожита с любовью.



ЮНИСЕФ Қазақстан

- 📍 Республика Қазақстан,
ЗІОК8Н4, Астана,
Бейбітшілік 10, Блок 1
- ☎ +7 (7172) 32-28-78

Подписывайтесь на нас:

- 📘 UNICEFKazakhstan
- 🐦 @unicefkaz
- 📷 @unicefkazakhstan
- 🌐 unicef.org/kazakhstan/

